



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ЗАҢДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА

Халықаралық іскерлік
этикадағы ерекшеліктер





Дәрістің жоспары:

1. Әр-сәттік іскерлік этика;
2. Іскерлік этикаға қосынды көзқарас;
3. Ар-ұятсыз халықаралық бизнес.

Жалпы жағдайдағы іс-әрекетті ар-ұят, адамгершілік тұрғысынан қарастырар болсақ, онда біздің іс-қимылымыз бен оның нәтижесінің бөгде адамдарға, қоршаған ортаға, қоғамға қандай ықпал ететінін есепке ала отырып, жұмыс жасауды жалпы іскерлік этика деп түсінеміз. Өткен тақырыбымызда біз жалпы этиканың әр тұстарына тоқталған болатынбыз. Адам Смиттен бастау алатын утилитаризм идеясын, Иммануил Канттың «міндетке айналатын талап» немесе инабаттылық пен иманжүзділікке іштей туа біткен тылсым күштің әсерімен сөзсіз бағыну және Аристотельдің туа бітпей күнделікті тұрмыс барысында тірнектеп жиналатын моральдық ұстанымдар әр адамның ар-намысқа сүйеніп әрекеттенуі оны дұрыс әрекет етуі сияқты объективті де субъективті де теориялық негіздеріне тоқталдық.

Ал әр сәт сайын іс-қимылдың инабаттылық, адамгершілік ұстанымдарынан ауытқымай әрекет жасау, іскерлік этикасының басқаша түрі болып табылады. Әр сәттік іскерлік этикада этикалық қабылданатын шешім ішінара себептер мен жағдайларға (контекст) тәуелділікпен анықталады. Бұл жерде кантиандық этика секілді әмбебап моральдық өлшем (норма) жоқ, өйткені әр жағдай өзінше ерекше, алуан түрлі және соған сай төтенше шешім қабылдауды талап етеді, ендеше мұндайда абсолютті қалыпты тәртіп емес, өте жылпос жетекшілік қағидаттар ұстану қажет. Бір жағдайда қате болған шешім, басқа жерде, басқа уақытта өте дұрыс болып шығуы ғажап емес. Бұл шешімнің дұрыс бұрыстығы оның адамдарға көмегі мен зиян тигізуіне тәуелді болады. Сонымен әр сәттік этика утилитаризмге көбірек ұқсайды, өйткені шешім қабылдау барысында оның қандай салдары болатыны есепке алынады.

Қамқорлық этикасының қағидасы қоғамдық өзара қарым-қатынас желілерін қорғап, сақтаудың маңыздылығына ерекше мән береді. Компания шешім қабылдаған кезде артықшылықтар мен шығындарды қарастырған уақытта адамдардың нақты қарым-қатынасын есепке алуы тиісті. Мысалы, этикалық ақылға қонымды шешім қабылдаған компания артықшылықтар мен шығындарды есептегенде қабылданған шешімнен өз жұмыскерлері мен жергілікті қауымдастықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталуына аса зор назар аударуы қажет. Утилитаризмнің немесе деонтологияның этикадағы көзқарасы қарсы жақтардың адал және теңдігіне барынша қолдау жасайды. Қамқорлық этикасы бойынша біз біреулердің алдында көбірек, ал басқалар алдында азырақ міндеттеме аламыз. Бұл көзқараспен келудің әсерін өндірісті көшіру мәселесінен туындайтын әдеттегідей жағдайдағы мысалмен суреттеуге болады. Баяғыда өз елінде салынып, әбден ескірген зауытты жаңа дамып келе жатқан достастық танытып отырған елге көшіру жайлы директорлар кеңесі шешім қабылдауға тиісті делік. Тиімділік тұрғысынан утилитарлық көзқарас оң шешімді қолдап, ақтап шығар еді.

Құқық тұрғысындағы көзқарас та өз компания иесінің зауытының қаржылық өміршеңдігін сақтап қалуы үшін өз бизнесін қайда көшірем десе де құқылы деп есептейді. Сонымен қатар, «өз қалауымен жалдану» заңның қағидатына сай, көптеген елдерде, мысалы АҚШ-та жұмыс беруші жұмысшыларына жұмыс тауып беруге міндетті емес. Оның үстіне кәсіпорындар мен корпорациялар заң шеңберінде өз құқықтарын жүзеге асырып отырса, өз құқықтарына сәйкес шығарға шешімдеріне мынау дұрыс, мынау бұрыс деп ешкім араласа алмайды. Ал қамқорлық этикасы тұрғысынан келсек, компанияның директорлар кеңесі өз жұмысшыларының, жергілікті қауымдастық алдындағы міндеттерінен қашқалақтап отыр деуге болады.

Бизнес-шешім қабылдауда әр түрлі этикалық көзқарастар қалай шешіліп, қалай әрекет жасау керектігіне ақыл-кеңес сияқты ұстаным бола алады. Интегративті көзқарас этикада, басқа этикалық көзқарастардың ең жақсы жақтарын өзіне қосып алғандықтан халықаралық іскерлік қатынастарда ерекше ойлаудың озық үлгісі болып табылады. Егер де біз этика мен мәдени релятивизмнің мәселелерін ұштастырамыз десек, мұндай тәсіл қабылданатын шешімнің артықшылықтары мен кемшіліктерін теңдестіріп және оларды балама тәсілдерімен (утилитарлық көзқарас) салыстыруға мүмкіндік берер еді. Бұл көзқарас тәсіл осы шешімнен туындайтын әрекет адамның негізгі құқықтарына немқұрайлылық көрсетпей ме (құқық және



міндеттер көзқарасы). Ол сонымен қатар шешім нәтижесінің бөлінісін де қарастырып пайда мен шығындар ең соңында кімнің есесіне бөлінгенін көрсетеді (әділеттілікті бағалау тәсіл көзқарасы). Ақыры, бұл тәсіл қабылданған шешімнің компаниямен байланысты адамдар мен қауымдастықтарға қалай әсер ететінін бағалауға мүмкіндік береді (қамқорлық этикасы).

Қосынды көзқарас халықаралық бизнес-шешімдерге мүдделі жақтарға толығырақ талдау жасауды қамтамасыз ете алады. Жеке тұлғалардың да (жеке құқық), қоғамның да (утилитарлық көзқарас) мәселелері бір жағынан ешбір алаңсыз әділ (әділеттілік тұрғысынан), екінші жағынан субъективті әртүрлі жағдайлармен есептесе келе (қамқорлық этикасы) қарастырылады. Мұндай көзқарастық тәсілді көптеген корпоративтік кодекстерден табуға болады. Әртүрлі этикалық көзқарастарды ұштастыра қолданудың үлгісін «Моторолла» компаниясының әрекеті негізінде суреттеп өтейік. Оқырман бұл жерде әр түрлі этикалық көзқарастардың бір-біріне әсерін бағалай алады, мұнда утилитарлық негіз де, адам құқығы да, әділеттілік қағидаты да, қамқорлық этикасы да жалпы этикалық тұрғыдан шешім қабылдау барысында есепке алынғанын көре алады.

«Моторолла» компаниясының корпоративтік кодексі халықаралық деңгейде жүргізу үшін былай деп қабылдаған: «Моторолланың қызметкерлері өздері жұмыс жүргізетін әр елдің заңдарын, салт-дәстүрлерін, діни ұстанымдарын сыйлайтын болады, бірақ сол кезеңде осы елде үйреншікті, заңды болып саналатын, алайда Моторолла қабылдаған іскерлік этикаға қайшы келетін немесе іскерлік этикамен байланысты АҚШ заңдарын бұзатын әрекеттерді істеуден мүлдем бас тартады».

Халықаралық деңгейде бизнес жүргізу; «Моторолланың корпоративтік кодексі» былайша көрініс табады.

Кодекстен үзінді	Этикалық көзқарас
Іс-әрекеттеріңіздің салдары қандай боларына зейін қойып, назар аударыңыз.	Пайдалылығын есепке алу
Бизнес-қатынастардың әр қатысушы жақтарын талдаған кезде ақшалай да, ақшалай емес те өзгермелі шамаларды қарастыру қажет	Жан-жақты утилитарлық талдау
Әрекет келтірілген зиянның орнын толтырарлықтай анағұрлым көп игілік өндіреді	Утилитаризм
Әр адамға оған тиісілі үлесін беріңіз	Заңдылық пен Әділеттілік
Адам құқығы мен азаматтық құқықты сыйлаңыз	Деонтология
Біздің міндеттеріміз заңда, саясатта және дінде жинақталған, бірақ олар әр кезде қайта қаралып, түсіндірілуге тиісті	Міндеттер/релятивизм (жергілікті мәдениетті ардақтау)
Шешім қабылдау барысында адалдық пен ер мінезділіктің, оң тәртіптіліктің әсерін мойындау маңызды	Ізгілік этикасы

Алайда мәдениет аралық түсініспеушілік бұрынғыдай халықаралық деңгейде қолдануға жарамды боларлық халықаралық компаниялардың ортақ этикалық кодексін жасауға кедергі болып тұр. Бұл жерде мәселе абстракциялық терминдерге тірелуінде, өйткені жергілікті салт-дәстүрлер мен мәдени құндылықтарға сәйкес адам құқығы, парақорлық сияқты ұғымдар әр түрлі қабылданып, құпталып немесе айыпталуы мүмкін. Шындығында, корпоративтік, этикалық кодекс басқа елдерде АҚШ-тағыдай кең таралып отырған жоқ. Тіпті корпоративтік этикалық кодекс енгізілгеннің өзінде қабылдап отырған елдің басқарушылары мен өз үйінің кеңсесіндегілер арасында мәдениет аралық түсініспеушіліктер орын алуы мүмкін. Моторолла бір жағынан қабылдаушы елдің кедендік ережелері мен заңдарын бұлжытпай орындаумен



қатар өз туған елінің этикалық кодексі мен қағидаттарын берік ұстану арасындағы баланысты сақтауға тырысып бағуда. Ақыр соңында, бұл іс-әрекеттің тәртібі кодексінің түсіндірмесіндегі этикалық релятивизмге тікелей бастау табады. Соған қарамастан кодекс өз қызметкерлерін қабылдаушы елдің наным-сенімімен емес, өздерінің нормаларын басшылыққа алуын қатаң міндеттейді.

Нобель сыйлығының лауреаты Милтон Фридман 1970 жылы: «Бизнестің бір ғана әлеуметтік жауапкершілігі бар – ол пайда көлемін ұлғайту», – деп жазды. Фридманның пайымдауынша, корпорацияның ешқандай әлеуметтік жауапкершілігі болмайды және жақсы корпоративті азамат болып көрінуге тырысудың ешқандай да қажеті жоқ. Оның ойынша, корпорация корпоративтік пайданы әлеуметтік немесе ізгілікті жобаларға жұмсауға қақысы жоқ, өйткені әлеуметтік жауапкершілік практикасы жекелеген адамдарға ғана байланысты, ал корпорацияларға бұның қатынасы жоқ. Қысқаша айтқанда, корпоративтік пайдадағы өз үлесін өз еркімен әлеуметтік мақсатқа жұмсау әрбір акционердің өзі ғана шешетін мәселесі. Этикалық тұрғыдан алғанда корпорациялар моральдық минимумға сәйкес болса болғаны. Фридманның айтуынша, моральдық минимум «капитализмнің негізгі ережесіне» немесе орасан зор пайданың соңынан қуу қоғамдық заңына бағынады.

Бұл теорияның қаншалықты зиянды екенін түсіндіріп жатудың аса қажеті жоқ деп ойлаймыз. Әсіресе халықаралық бизнестегі компания қабылдаған жаңа дамып келе жатқан елдерге біздің мақсатымыз тек қана орасан зор пайда табу, бірақ ешқандай бұл елдер алдында басқадай әлеуметтік, экологиялық жауапкершілігіміз жоқ десе, оған қабылдаушы ел қалай қарар еді? Осыған сәйкес кітап авторы Ди Маттео: «Қоғамның негізгі ережелері қандай? Қоғамның негізгі ережелері тек қана сол елдің заңдарымен шектеле ме? Сіз корпорациялардың әлеуметтік жауапкершілігі жоқ, олар әлеуметтік мақсат көздеуге тиісті емес деген Фридманмен келісесіз бе?» – деген сұрақтар қояды.

Мен дәріс беруші ретінде бұл мәселе бойынша келесі ақпарат берген болар едім. XIX ғасырдың соңында сол кезеңнің ұлы экономист ғалымы Карл Маркс өзінің ғаламға белгілі «Капитал» деген еңбегінде, өте терең ғылыми талдау арқылы капитализмнің дамуының объективтік заңдылықтарын ашып көрсете келе, капитализмнің негізгі заңы қосымша құнды еселеп өндіріп иемдену деп көрсеткен еді. Ал қосымша құнның сыртқы пішіні пайда болып табылатынын еске алсақ, негізгі заң – пайданы еселеп ұлғайту екенін Фридманнан бұрын Карл Маркс жариялаған болатын. Ендеше, Фридман марксист пе? Алайда К. Маркстың кезіндегі капитализм бір басқа да бүгінгі капитализм бір басқа. Заманауи капитализмнің өзгеруіне себеп болған корпорациялардың жұмысшылардың толқуынан қорқып әлеуметтік жауапкершілікке ден қоюы болатын. Бұл кітап авторының сұрақтарына біздің берген жауабымыз деп ұғыныңыз.

Кітап авторы өзі қойған сұрақтарын қарастырудың бір тәсілі «арсыз халықаралық бизнесмен» жайлы аңыз деп тоқталады. Аталған бизнесмен өнегелі этика пайда күнемдікпен ұштасып жатады деп мәлімдейді. Басқаша айтқанда бұлар бір-біріне қайшы емес, керісінше бұл бизнес мектебі этикалық бизнес практикалар ұзақ мерзімдік рентабельділікті қамтамасыз ету үшін ауадай қажет. Фрэнсис Фукуяма өзінің кейбір қоғамды басқалармен салыстырғанда, гүлдене дамиды деген зерттеулерінде сенім ұғымын шешуші фактор ретінде ұсынды. Оның ойынша, бизнес көбінесе корпоративтік кәсіпорын, сондықтан оның өміршеңдігі этикалық іс әрекетті талап етеді. Адам Смиттің «экономикалық адамының» өз пайдасын ғана көздеген жеке мүддесі бәрі бір оның қалау қаламауына қарамастан ынтымақтастық пен корпорацияны жоққа шығара алмайды. Шынында да, бизнес көрсеткендей тек өз басының қамын күйттеген адамдар да, қаншалықты өз мүддесін көздесе де, бәрібір өздерінің іскерлік қатынастарында этикалық адалдық, иманжүзділік жолын ұстануына жеткілікті негіз бар.

«Мерск» деген халықаралық фармацевтикалық компания өзінің этикалы бизнесмен деген беделін бәсекелестік артықшылығымыз деп бағалайды. Мерск моральды кәсіпкер деген қағидатты мүлдем қабылдамайды. Оның орнына ол компанияны жақсы корпоративті азамат ретінде танығанды ұнатады. Қысқаша айтқанда, пайда табу, әрине, маңызды десек те, ол корпоративті шешім қабылдауда анықтаушы роль атқаруға тиісті емес. Мерскінің, оның негізін қалаушылардың айтатын ұраны: «Дәрі-дәрмек пайда табу үшін емес, адамдар үшін жасалатыны естеріңізде болсын! Пайда болашақта келер. Сіздер ол туралы неғұрлым аз ойласаңыз, солғұрлым пайда да көбейе түседі».



Осы дәрісіміздің соңында «Халықаралық бизнес құқығы және құқықтық орта» атты кітабы таңдаулы әлемдік оқулықтар қатарына қосылған американдық ғалым-заңгер, профессор Ди Маттеоның азаматтық ұстанымына баға бере кетуді жөн көрдік. 1990 жылдан бастап біз өтпелі кезеңді бастан кешірдік. Осы жылдардың ішінде біз «жабайы» капитализмнің небір сұмдықтарын да, қылмыстық қоқан-лоқылықтардың куәсі, ал кейде оның құрбаны да болдық. Әрине, басқа әлеуметтік-экономикалық қоғамдық формацияға көшу түбірлі өзгерістерді талап етері түсінікті. Осы өтпелі кезеңде небір нарықтық экономикалық реформалар орын алды. Жоғары білім жүйесіндегі гуманитарлық немесе қоғамдық ғылымдарды батыс талаптарына сай өзгертуге тура келді. Философия, экономика, саясаттану, социология, тарихи ғылымдар, менеджмент, маркетинг т.б. шет елдік оқу бағдарламаларына сәйкес, шет ел оқулықтарының негізінде қайта өңделіп, өзгертілді. Алайда аталған заманауи батыстық оқу бағдарламаларында болсын, кітаптарында болсын моральдық – этикалық мәселелермен ұшырасқан жоқпыз.

Бұрын-соңды назардан тыс қалып келген өте маңызды адамды адам қылатын, терең рухани реттеуші күш этиканы, оның ішінде іскерлік этиканың, одан қалды шет елдік бизнес этикасын тереңнен қозғап, зерттеп қолденең тартып отырған Ди Маттеоға дән ризашылығымызды білдіре отырып, өткенге деген өкінішімізді де ортаға салғанымыз дұрыс деп ойламын. Жекешелендіру, мемлекет иелігінен алу, жеке кәсіпкерлікті қалыптастыру, сауданы, қызмет көрсету саласын өркендету т.б. Бәрін моральдық-этикалық нормалармен есептесек, ұштастыра жүргізген жоқпыз. Сондықтан да біздің капитализміміз «жабайы» капитализм сипатында қалыптасып, жаппай рухсыздыққа, моральдық азғындануға жол берді. Ешкім жеке меншік жалдамалы еңбекті қанаумен ат төбеліндей ғана кәсіпкерлердің байитын қоғамында адамгершілік, иманжүзділік, инабаттылық, мейрімділік, адам құқығына бас иетін моральдық – этикалық қатынастарға бүкіл қоғам мүшелерін, әсіресе, бизнес өкілдері мен кәсіпкерлерді тәрбиелеп, баулудың қажеттілігін ұғына қойған жоқ.

Елбасының «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының түпкі мақсаты, біздің ойымызша, осы уақыт сарсаңында жіберіліп қойған қоғамның мүмкіндіктерін қайтару болып табылады. Ди Маттеоның құқықтық-экономикалық оқулығының үштен бір бөлігінің осы моральдық – этикалық сұрақтарға арналуы этиканың, бизнес-этикасының, әсіресе, шет ел бизнес этикасының қаншалықты өлшеусіз өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар, Ди Маттеоның адамгершілігі мол шынайы гуманист, ойшыл азамат екенінің куәсі.

Дәрісте қолданылған материалдар келесі қайнаркөздерден алынған:

1. International Business Law and the Legal Environment, 3rd edition, Larry DiMatteo;
2. https://day.kyiv.ua/sites/default/files/main/openpublish_article/19961113/4207-5-2.jpg.